

**"Дәмін айыру комиссиясының ережесін, дәмін айыру қағидаларын бекіту туралы"  
" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі №  
491 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 528 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 желтоқсанда № 8129 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2016 жылғы 19 ақпандағы № 75 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.02.2016 № 75 бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Дәмін айыру комиссиясының ережесін, дәмін айыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 491 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2011 жылғы 6 қазанда № 7235 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2012 жылғы ақпан, № 2, 433-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәмін айыру комиссиясының ережесіне:

12-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әрбір отырысының нәтижесі бойынша осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәмін айыру комиссияның қорытындысын рәсімдеу және оны уәкілетті органға беру;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Дәмін айыру комиссиясы:

уәкілетті органға Қазақстан Республикасында өндірілетін этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) сапасын арттыру, олардың түрлерін және технологиялық процестерін жоғарылату бойынша ұсынымдар әзірлейді және береді;

бұйымдарына қанағаттандырылғы емес баға берілген этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импорттаушылары мен өндірушілері дәмін айыру комиссияның келесі отырысында осы өнім атауының бір рет қайта ұсынылуына мүмкіндік береді;

қажет болғанда этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндіру орнынан және сақтау үшін сақтау қоймасынан, оларды сақтауды және

сатуды іске асыратын импорттаушылар мен өндірушілерден, сондай-ақ бөлшек сауда желісінен үлгілерді іріктеуді жүзеге асырады;

өнімнің сапасын бағалауды сататын орынға барып жүргізуді жүзеге асырады; өндірушілер шығаратын этил спирті және алкоголь өнімінің конкурстары мен көрмелерінің қорытындылары бойынша медальдар, дипломдар, грамоталар және басқаларын береді.";

14-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәмін айыру қағидаларында;

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дәмін айыру тәртібі";

3-тармақтың бірінші, екінші және жетінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнімнің дәмін айыруға ұсынылған кезде үлгілерін іріктеу техникалық реттеу салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады және мынадай құжаттамамен қоса беріледі:

үлгілерді іріктеу актісі "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен бекітілген нысан бойынша;

рецептураны көрсетіп, технологиялық нұсқаулықтың сипаты беріліп, ал өнімнің жаңа түрлерін бекіткен жағдайда, сондай-ақ нормативтік техникалық құжаттаманың жобасы ұсынылады;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу және техникалық реттеу салаларындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келмейтін өнімді өткізген жағдайда, сондай-ақ тұтынушы сауда желісінде сапасы нашар өнімді тапқан немесе сатып алған жағдайда, техникалық қызметкер немесе дәмін айыру комиссиясының мүшелері тауар өндірушінің дайын өнім қоймасынан және этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау қоймасынан, этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау және көтерме сатуды іске асыратын импорттаушылар мен өндірушілердің, сондай-ақ мүдделі тараптардың қатысуымен бөлшек сауда желісінен өнімдердің үлгілерін іріктеуді жүзеге асырады.";

3-тараудың атауы алып тасталсын;

29-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ә.С. Жұмаділдаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның заңмен белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрі

Б. Жәмішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК